

6D010300/8D011 - «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Тлеубекова Ленура Абдуалимовнаның «Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту» атты диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ІШКІРІ

№	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Қазіргі жаһандану жағдайында қоғамның әлеуметтік-экономикалық өзгерістері адами капиталдың жаңа кезеңіне сұраныс туғызып отыр. Бұл білім берудің компоненттерін инновациялық талаптарға сәйкес жүзеге асыру қажеттілігін айқындайды. Осы орайда еліміздегі орта білім беруде құзыретті, шығармашыл, ой генерациясы жоғары, бәсекеге қабілетті, жаңашыл әрі креативті тұлғаны қалыптастыру мақсат етіледі. Осы орайда, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты 2023 жылдың 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына жолдауында: «Бүгінгі таңда азаматтардың шығармашылық әлеуеті мен интеллектуалдық капиталына сүйенетін креативті индустриялар инклюзивті экономиканы дамытудың негізгі қозғаушы күшіне айналып отыр. Сонымен қатар, креативті экономика талантты және шығармашыл адамдарды тарту арқылы ірі қалалардың өркендеуіне ықпал етеді» деп атап көрсетуі де бүгінгі педагогтар қауымына үлкен жауапкершілікті жүктейді. Осылайша, әлеуетті шығармашылықты дамытудың маңызы жоғарылап, болашақта экономиканы креативті қозғаушы күшке айналдыру үшін қазірден бастап, мектептерде оқушылардың шығармашылық ойлауын, инновациялық қабілеттерін дамыту қажеттігі көзделеді. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығына сәйкес ұсынылған «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының» 12-тармағында: «...балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын,

		зерттеушілік, физикалық қабілеттерін дамыту, әлеуметтік - эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру қажет» деп берілген болатын. Осыған сәйкес орта мектеп оқушыларына білім берудің заманауи моделін ұсына отырып, олардың шығармашылық әлеуетін арттыру, шығармашылық ізденістерін қолдау және сындарлы ойлау дағдысын жүйелі түрде дамыту мүмкіндіктері туып отыр. Қазақстан Республикасының (2007 жылғы, №3190) «Білім туралы» Заңында білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың ұстанымдарында «білім берудің зайырлы, гуманистік және дамытушылық сипаты, азаматтық және ұлттық құндылықтардың, адам өмірі, денсаулығының, жеке ұлттық құндылықтардың, адам өмірі, денсаулығы мен жеке адамның еркін дамуына» басымдық беріледі. Осы тұста Тлеубекова Ленура Абдуалимовнаның зерттеу тақырыбы жоғарыда аталған мемлекеттік бағарламаларға сәйкес келеді.
	1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының	Докторант Л.А.Тлеубекованың диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 6D010300/8D011 – Педагогика және психология бағыты бойынша ұсынылған.

		басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығын ашыла н/ашылмаған.	Л.А.Тлеубекованың «Зияткерлік мектептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылымға елеулі үлесін қосады. Докторанттың зерттеу жұмысының ғылыми маңыздылығы келесідей: 1. Зияткерлік мектептердегі оқушыларының шығармашылық әлеуетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындауы, зерттеуді ұйымдастыруда негізге алынған әдіснамалық тұғырлары, отандық және әлемдік зерттеулердегі тәжірибелерді талдау барысында қол жеткен ғылыми нәтижелері, яғни философиялық, тарихи, психологиялық, педагогикалық аспектілерінде жасаған теориялық тұжырымдаулары мен әдіснамалық негіздеулері, негізгі басшылыққа алынатын түсініктерге берген анықтамалары мен сипаттаулары ғылымға елеулі үлес қосады және осы орайда маңыздылығын ашады; 2. Зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуды ұйымдастырудағы оқу-тәрбие үдерісінің ерекшеліктерін әр түрлі аспектіде айшықтап көрсетуі толығымен ашылған және ғылымға елеулі үлесін қосады; 3. Зияткерлік мектептегі оқушыларының шығармашылық әлеуетін дамытудың мотивациялық, танымдық, іс-әрекеттік компоненттеріне сәйкес өлшемдері мен көрсеткіштерінің, құрылымдық-мазмұндық моделінің жасалуы ғылымға елеулі үлес қосады және маңыздылығын ашады; 4. Зияткерлік мектептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың әдістемесі дайындалып, оның тиімділігін тәжірибеде тексеру, құнды ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беруі ғылымға елеулі үлес қосады және маңыздылығын ашады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Л.А.Тлеубекованың зерттеу жұмысының өзі жазу деңгейі жоғары. Оны зерттеу тақырыбына қатысты Отандық және жақын-алыс шетел ғалымдары зерттеулерін іріктей алуы мен оларға жүйелі талдау жасай отырып, өз көзқарасы мен пайымдауларын дәйекті де жүйелі түрде баяндай алуы

			айғақтайды. Зерттеудің әдіснамалық негіздерін бірнеше тұғырлар негізінде құра отырып, әрбір әдіснамалық тұғырдың зерттеудегі қызметін нақты аша білген. Сонымен қатар, диссертация бойынша негізгі ұғымдардың мазмұны мен құрылымын нақтылауы, теориялық тұжырымдар негізінде зерттеудің барысын модельдеудегі көзқарасын негіздей алуы, әдістемесін дайындап, іске асыру бағыттарын көрсетуі, оның тиімділігін жүргізілген тәжірибелік-эксперимент негізінде дәлелдеуі, ғылыми болжамның дұрыстығын қорытындылауы бойынша автордың диссертациялық жұмыста <i>өзі жазу принципі</i> сақталып, <i>өзі жазу деңгейінің жоғары</i> екендігін көрсетеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u>; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Тлеубекова Ленура Абдуалимовнаның зерттеу жұмысының өзектілігі <i>негізделген</i>. Диссертацияның өзектілігін негіздеуде талдау біріншіден, қоғамның сұранысын қанағаттандыруда қазіргі қоғамдағы оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға деген әлеуметтік сұраныс пен оның зияткерлік мектептердегі тәжірибенің жүйелі іске асырылуындағы ғылыми-әдістемелік тұрғыда қамтамасыз етілмеуі; екіншіден, білім саласына енгізіліп жатқан реформалардың оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуды көздеуі мен бұл мәселені тиімді шешу мақсатында зияткерлік мектептердің ерекшеліктерінің ескерілмеуі; үшіншіден, зияткерлік мектептерге қабылданған оқушылардың шығармашылық әлеуетінің бастапқы деңгейі мен оны жүйелі түрде әрі қарай дамыту тетіктерінің жетілдірілмеуінің арасындағы қарама-қайшылықтардың шешімін табуда диссертацияның ғылыми және қолданбалы тұстарында <i>өзектілігі негізделген</i>.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u>; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Докторант Тлеубекова Ленура Абдуалимовнаның «Зияткерлік мектептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту» атты диссертациясының жалпы 3 тарау бойынша жазылған мазмұны оның тақырыбын толық айқындайды. Ішкі бірлік принципіне «Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері» деп берілетін 1-тарауда жалпы зерттеу мәселесінің зерттелу жайы

		философиялық, тарихи, психологиялық және педагогикалық тұрғыда талданады, шығармашылық әлеует идеясының шығу генезисі мен мәселені зерттеудің әдіснамалық негіздері мен тұғырлары тандалып, олардың зерттеудегі қызметтері айқындалып сипатталады. «Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуды модельдеу» атты 2-тарауда зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың ерекшеліктері салыстырмалы талданып, әртүрлі зияткерлік мектептер қызметі талданады. Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылады. «Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың әдістемесі» атты 3-тарауда эксперименттік-тәжірибелік жұмыстар баяндалады. Оқушылардың шығармашылық әлеуетінің бастапқы диагностикасы алынып, оны дамытудың бағдарламасы ұсынылады. Сонымен қатар, оны іске асырудың әдістемесі эксперименттік жолмен тексеріліп, тиімділігі дәлелденеді. Қорытындыда диссертацияның мазмұны бойынша ғылыми нәтижелердің тұжырымдалуы мен ғылыми-әдістемелік ұсыныстар беріледі.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеу жұмысында қойылған мақсат пен міндеттер диссертация тақырыбына сәйкес келеді, мақсат-міндеттердің орындалуы зерттеу барысында алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігін растайды. Диссертант зерттеудің мақсатын зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуды теориялық – әдіснамалық тұрғыда негіздеп, әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы дәлелдеу, ғылыми – әдістемелік негізделген ұсыныстар беру деп тұжырымдап, осы мақсатқа сай бірнеше зерттеу міндеттерін алдына қояды. Диссертациялық жұмыстың мақсаты және алдын ала белгіленген міндеттеріне сәйкес зерттеудің барлық кезеңдерінде шешімін тауып, ғылыми нәтижелер берген.
	4.4. Диссертацияның	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық тұрғыда байланысқан,

		барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	мәтіннің баяндалуы біртұтастық пен логикасы бірізділікті сақтаған. Ал, зерттеу барысында алынған нәтижелер автордың қорытындыларымен бірге диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес келеді. Ғылыми нәтижелер ішкі бірлікпен баяндалады. Ғылыми аппаратқа сәйкес мазмұны құрылымдалған бөлімдер теориялық және эмпирикалық сипатта толық байланысады. Бөлімдердегі теориялық-әдіснамалық негізделген мәліметтер, мәселенің шығу генезисі мен тарихи аспектілері, оқушылардың шығармашылық әлеуетіні дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделінің талданып, берілуі, мәселенің бастапқы деңгейінің анықталып, оның нақты бағдарлама негізінде эксперименттік жолмен іске асырылу әдістемесі соңғы нәтижеге жету үдерісіне дейін логикалық сабақтасып, <i>толық байланысқан</i>.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Зияткерлік метептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін жан-жақты талдауда, идеяның шығу генезисі мен бүгінге дейінгі шығармашылық әлеуетке ие оқушының сапалық болмысын айқындауда Отандық және шетел зерттеушілерінің көзқарастары мен алған нәтижелерін салыстырмалы талдауы негізінде өзіндік көзқарасы мен тұжырымын жасауда, тәжірибелік-эксперименттің жұмыстардың нәтижелерін сандық, сапалық тұрғыда талдауда сыни талдау бар. Диссертацияда алынған ғылыми жаңа нәтижелер бұрыннан белгілі ғылыми шешімдермен салыстырылып, бағаланған. Алынған нәтижелер зерттеудің мақсат-міндеттері мен болжамына сәйкес өзара үйлесімді зерттеу әдістерін қолдану арқылы негізделген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Докторант Л.А.Тлеубекованың зерттеу жұмысында ұсынған ғылыми нәтижелері мен қағидаттары толығымен жаңа. Бірінші қағидат - зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалуымен жаңа. <i>Бірінші нәтиже – толығымен жаңа.</i> Диссертацияда зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың теориялық -әдіснамалық негіздері айқындалған.

			Екінші қағидат - зияткерлік мектептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделінің дайындалуымен жаңа. <i>Екінші нәтиже – толық жаңа.</i> Диссертацияда зияткерлік мектептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалған. Үшінші қағидат - зияткерлік мектептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың ерекшеліктерінің анықталуымен жаңа. <i>Үшінші нәтиже – толығымен жаңа.</i> зияткерлік мектептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың ерекшеліктері анықталған. Төртінші қағидат - Зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту әдістемесі әзірленді, оның тиімділігі педагогикалық эксперимент жүзінде тексеріліп, нақты құнды әдістемелік ұсыныстар берілуімен жаңа. <i>Төртінші нәтиже – толығымен жаңа.</i> Зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту әдістемесі әзірленіп, оның тиімділігі педагогикалық эксперимент жүзінде тексерілген және ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілген.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)		Л.А.Тлеубекованың диссертациялық жұмысының қорытындылары ғылыми-теориялық негізде дәлелденуімен, зерттеудің ғылыми аппаратына мазмұнының сәйкестігімен, зерттеуде қолданылған әдіс-тәсілдердің тиімділігімен, эксперимент жұмысының жүйелі жоспарлануымен, сандық және сапалық көрсеткіштердің дәлелденуінде толығымен жаңа болып саналады. Диссертацияның қорытындылары келесідей: -<i>бірінші қорытынды</i> зияткерлік мектептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындауда және оның құрамдас бөліктерінің сипатталуында толығымен жаңа болып табылады. -<i>екінші қорытынды бойынша</i> зияткерлік мектептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделінің дайындалуы мен «шығармашылық әлеует», «шығармашылық әлеуеті дамыған оқушы» түсініктерінің мазмұны мен құрылымының

			нақтылануы толығымен жаңа болып табылады. -үшінші қорытынды ретінде зияткерлік мектептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың ерекшеліктерін айқындап, салыстырмалы талдауы да толығымен жаңа болып табылады. Төртінші нәтиже зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту әдістемесінің жасалып, оның тиімділігін арттыруға байланысты ұсыныстары толығымен жаңа болып саналады. Сонымен қатар, ұсынылған «Creative boost» атты элективті курс бағдарламасының мазмұны мен оны іске асыруды қамтамасыз ететін «Шығармашылық серпін» оқу-әдістемелік құралының мазмұны толығымен жаңа болып саналады.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыс барысында жүргізілген зерттеу негізінде жасалған диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Ол зерттеу жұмысы барысындағы тұжырымдар, ендіру актісі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен, ғылыми жарияланымдар бойынша расталынады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Зерттеудің барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелермен негізделген және математикалық-статистикалық талдаулар арқылы нақтылығы расталған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:	Бірінші қағидат: зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерінің айқындалуы.

7.1 Қағидат дәлелденді ме?
1) дәлелденді;
2) шамамен дәлелденді;
3) шамамен дәлелденбеді;
4) дәлелденбеді;
5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.

7.2 Тривиалды ма?
1) ия;
2) жоқ;
3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.

7.3 Жаңа ма?
1) ия;
2) жоқ;
3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.

7.4 Қолдану деңгейі:
1) тар;
2) орташа;
3) кең;
4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

1) ия;
2) жоқ;
3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.

7.1 Бұл қағидатта зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалып, әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдардың түзілуімен дәлелденген.

7.2 Тривиалды емес.

7.3 Нәтиже жаңа болып табылады.

7.4 Қолдану деңгейі кең.

7.5 Ия. Келесі мақалаларда дәлелденген.

1. Кіріктірілген білім беру жүйесінің оқушылардың шығармашылық әлеуетін қалыптастырудың тиімділігі // International Symposium on Altay Communities Home-Family and Family Values. Istanbul, July 24-26. -№22. 2017. - p.p.-851- 859.

2. Formation of Students' Creativity Potential In Intellectual Schools // Journal of Organizational Behavior Research. Turkey.- 2015.Vol.:4, 2019. p.p-148-161. (co-authored with K.Atemova, A.Isabayeva, G.Nuridinova, N.Bektayeva, B.Sengerbekova.

Екінші қағидат: зияткерлік мектептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделінің дайындалуы.

7.1 Бұл қағидатта зияткерлік мектепте оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың мотивациялық, танымдық, іс-әрекеттік компоненттерінің жиынтығын құрайтын, осыған сәйкес реттелетін өлшемдер мен көрсеткіштердің және деңгейлерінің анықталуымен жасалған құрылымдық-мазмұндық модельдің жасалу қағидаты дәлелденген.

7.2 Тривиалды емес.

7.3 Нәтиже жаңа болып табылады.

7.4 Қолдану деңгейі кең.

7.5 Ия. Келесі мақалаларда дәлелденген.

1. Nazarbayev Intellectual school is a sphere of creativity // 8th International Conference "Science and Technology" by SCIEURO London, №1, V.2, 23-29 April, 2017. p.p- 104-109.

Үшінші қағидат: зияткерлік мектептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың ерекшеліктерінің анықталуы.

7.1 Бұл қағидатта еліміздегі оқушы бойында шығармашылық әлеуетті дамытуға бағытталған түрлі санаттағы мектептер қызметі салыстырмалы талданып,

жүйеленеді. Олар: зияткерлік мектептер, «Білім-инновация лицейі» (БИЛ), дарын мектептері бойынша салыстырылып, әртүрлі аспектілері (Білім беру бағдарламасы, Гендерлік оқыту тәсілі, Үштілділік білім беру, пәнаралық байланыс, шетелдік мамандарының тартылуы, ЖОО-на түсу емтиндарына дайындығы, үйірмелердің қолжетімділігі, ағылшын тілі емтиханының міндеттілігі, ғылыми жұмыспен айналысу және олимпиадаға дайындық, «Жаһандық перспективалар және жобалық жұмыс» пәні бойынша, Халықаралық стандартқа сәйкес келуі және бағалау үдерісі бойынша) сипатталуы арқылы аталмыш қағидаты дәлелденген.

7.2 Тривиалды емес.

7.3 Нәтиже жаңа болып табылады.

7.4 Қолдану деңгейі кең.

7.5 Ия. Келесі мақалаларда дәлелденген.

1. Зияткерлік мектепте оқу үрдісінің мазмұны арқылы оқушылардың шығармашылық әлеуетін қалыптастыру // Қазақстанның ғылымы мен өмірі Халықаралық ғылыми журнал. - №3. – 2019, - Б. 137-142.

2. The impact of Nazarbayev Intellectual School's curriculum on the formation of students' creativity potential // Қазақстанның ғылымы мен өмірі Халықаралық ғылыми журнал. - №8/3. -2019, -Б.139-143.

Төртінші қағидат: Зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту әдістемесі әзірленді, оның тиімділігі педагогикалық эксперимент жүзінде тексеріліп, нақты құнды әдістемелік ұсыныстар берілді.

7.1 Бұл қағидатта оқушылардың шығармашылық әлеуетін қалыптастыруға әсер етуші креативті триада: пән мұғалімдері, психологтар, тәлімгерлердің бірлескен жұмыстары негізінде, соынмен қатар, элективті курс бағдарламасы аясында оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту сатылары ұсынылып, кешенді жұмыстардың жүргізілу нәтижесінде ұсынылып отырған қағидаты дәлелденген.

7.2 Тривиалды емес.

7.3 Нәтиже жаңа болып табылады.

7.4 Қолдану деңгейі кең.

7.5 Ия. Келесі мақалаларда дәлелденген.

			1. Development of Students' Creativity: Results of Practical Testing of the Learning Model during the Pandemic//European Journal of Contemporary Education, 2023, 12 (2), pp.655-666. 2. Зияткерлік мектепте оқу үрдісінің мазмұны арқылы оқушылардың шығармашылық әлеуетін қалыптастыру // Қазақстанның ғылымы мен өмірі Халықаралық ғылыми журнал. - №3. – 2019. –Б.137-142. 3. The impact of Nazarbayev Intellectual School's curriculum on the formation of students' creativity potential //Қазақстанның ғылымы мен өмірі Халықаралық ғылыми журнал. - №8/3. -2019. -Б.139-143.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ. 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ. 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар	Ия, зерттеу барысында басшылыққа алынған әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдардың (Тұлғалық, іс-әрекеттік, синергетикалық, шығармашылық, өркениеттік тұғыр мен жүйелілік, ғылымилық, даралану мен түрлену, креативтілік ұстанымдары) жиынтығы ретінде әдіснама нақты жазылған. Нақтыланған әдіснамалық тұғырлар мен ұстанымдар әдістеменің тиімділігіне өз әсерін береді. Иә, диссертация жұмысын жазуда SmartArt технологиясын графикалау, суреттеу, гистограммаларды сызуда қолданған ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып, алынған. Зерттеу нәтижелері өңделіп, компьютерлік технологияның көмегімен диаграммалар құрылған. Барлық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар әдістемелік моделімен тәжірибелік-эксперимент арқылы дәлелденген және негізделген. Тлеубекова Ленура Абдуалимовнаның «Зияткерлік мектепте

		эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық зерттеуінде ұсынылған барлық теориялық қорытындылар, модельдер мен анықталған заңдылықтар тәжірибелік-эксперименттік зерттеулер арқылы жан-жақты дәлелденген және расталған. Ия. Тәжірибелік-эксперимент жұмыс нәтижелері оң динамиканы көрсетеді. Зерттеудегі эксперименттік жұмысына «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының «Шымкент қаласы Абай ауданындағы жаратылыстану-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі» филиалы алынған. Тәжірибелік экспериментке жалпы саны – 198 оқушы қатысқан.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған/ расталмаған	Диссертант ғылыми зерттеу жұмысында өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасай отырып, мәнді мәлімдемелерді растайды . Диссертацияда отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге сілтеме берілген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Докторант зерттеу жұмысы барысында 246 дереккөздерге сілтемелер берген. Тақырып бойынша осы әдебиеттерді зерделей келе, докторант алдына қойған мәселені шешуде жан-жақты әдеби шолуға жеткілікті деп санаймын.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	Иә, диссертацияны теориялық тұрғыдан маңызды зерттеу жұмысы деп айтуға негіз бар. Атап айтсақ: - зияткерлік мектептердегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған; - зияткерлік мектептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі дайындалған. - зияткерлік мектептегі оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың ерекшеліктері анықталған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және	Иә, диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелері практикада қолдану мүмкіндігі жоғары .

		алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u>; 2) <u>жоқ</u>.	Зерттеу нәтижелері жоғары оқу орнындағы педагогикалық бағытта оқитын мамандықтарда, сондай-ақ мектептің оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың шығармашылық әеуетін дамыту мақсатында қолдануға толық негізделген. Атап айтсақ: - зерттеу мәселесі бойынша «Creative boost» атты элективті курс бағдарламасы жасалып ұсынылған. - оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға мүмкіндік беретін «Шығармашылық серпін» оқу-әдістемелік құрал әзірленіп, зияткерлік мектептің оқу бағдарламасына ұсынылған. - зерттеу барысында қол жеткен нәтижелерді оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту бағытында мектептің оқу-тәрбие үдерісінде қолдануға болады. - ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілген. - зерттеу нәтижелерін ЖОО-нан кейінгі білім беруде және біліктілікті арттыру жүйесінде пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) <u>жартылай жаңа</u> (25-75% жаңа болып табылады); 3) <u>жаңа емес</u> (25% кем жаңа болып табылады).	Зерттеу жұмысы аясында практикалық ұсыныстар толығымен жаңа және диссертациялық зерттеуде қол жеткізілген нәтижелер мен олардың негізінде жасалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды білім берудің кез-келген бағытында назарға алуға және пайдалануға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u>; 2) <u>орташа</u>; 3) <u>орташадан төмен</u>; 4) <u>төмен</u>.	Академиялық жазу сапасы жоғары болып табылады. Ғылыми баяндау стилі толығымен қамтамасыз етілген. Диссертация ғылыми қызығушылық тудырады, нақты материалдарға бай сауатты жазылған жұмыс болып табылады. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келеді.
11.	Диссертацияға ескертулер	Докторант Л.А.Тлеубекованың диссертациялық жұмысы ғылыми тұрғыда сауатты жазылған еңбек деп айта аламыз.	

		Дегенмен, диссертациялық жұмыстың мазмұны бойынша келесідей ескертулер беріледі: 1. Диссертациялық жұмыс оқушылардың шығармашылық әлеуетіне байланысты зерттеулермен жүргізілгендіктен оқушылардың психологиялық ерекшеліктері маңызды рөл атқаратыны белгілі. Сондықтан, бір параграфты оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытудың психологиялық аспектісіне арнағаны жұмыс құндылығын арттыра түсетін еді. 2. Теориялық талдауда біршама отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне терең талдаулар жасалған. Оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға байланысты отандық және шетел ғалымдарының көзқарастары мен ұсыныстарын салыстырмалы талдаулар бергенде ұтымды болар еді. Алайда, бұл ескерту диссертациялық зерттеудің ғылыми деңгейі мен практикалық құндылығын төмендетпейді. Ұсыныс ретінде де санауға болады.
12.	Қорытынды	Зерттеудің өзектілігін, ғылыми жаңалығын және алынған нәтижелердің алдағы перспективалық зерттеулер үшін маңыздылығын ескере отырып, Тлеубекова Ленура Абдуалимовнаның «Зияткерлік мектептерде оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамыту» атты диссертациялық жұмысы 6D010300/8D011 - «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты деп санаймын.

Ресми рецензент:

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан
 Университетінің педагогика ғылымдарының
 докторы., профессор



С.А.Жолдасбекова

